

МКҚК №45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасында

**2025-2026 оқу жылдарына арналған жоспарға сәйкес қазан айында
ұйымдастырылған «Берекелі Алтын күз» атты жәрмеңкеге**

АНЫҚТАМА

2025-2026 оқу жылдарына арналған жоспарға сәйкес қазан айында «Жомарт күз» мерекесі аясында «Жұлдыз» ересек қазақ тобында ата-аналардың белсенді қатысуымен күзгі жәрмеңке ұйымдастырылды. Іс-шараның негізгі мақсаты – отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту, ата-аналарды ортақ іс-шараларға тарту, балалардың еңбекке деген қызығушылығын арттыру және ұлттық құндылықтарды дәріптеу.



Жәрмеңкеге ата-аналар үйден дайындалған түрлі тағамдар, күзгі жеміс-көкөністерден жасалған өнімдер, тәттілер, қолдан жасалған бұйымдар мен күз сыйларын алып келді. Барлық қатысушылар белсенділік танытып, мерекенің жоғары деңгейде өтуіне өз үлестерін қосты.

Іс-шара барысында балалар көтеріңкі көңіл күйде болып, күз мерекесінің сәнін келтірді. Жәрмеңке достық, бірлік және өзара қолдау атмосферасында өтті.

Қорытындылай келе, ұйымдастырылған күзгі жәрмеңке өз мақсатына жетіп, ата-аналар мен балабақша ұжымының өзара ынтымақтастығын арттыруға оң ықпал етті.